

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № а-11/383 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 5121 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атбасар ауданы әкімінің орынбасары А.В. Чириковқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Никишов

Атбасар ауданы әкімдігінің
2015 жылы 20 қарашадағы
№ а-11/383
қаулысымен бекітілген

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 22.06.2016 № а-6/213 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

--	--	--	--

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының

№ Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны

		айына жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)			
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1	Балабақша	530	0	23869,7	0
2	Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	492	0	16921,6	0
3	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	110	0	8460,8	0

кестенің жалғасы:

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)	
мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
23869,7	0	12145	0
16921,6	0	12145	0
8460,8	0	6500	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК